ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР МИНИСТРЛІГІ

«Қазгидромет» Республикалық Мемлекеттік кәсіпорны

ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫ КЛИМАТЫНЫҢ 2026 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАН АЙЫНЫҢ ЖЕДЕЛ МОНИТОРИНГІ


Қазақстан аумағындағы орташа айлық ауа температурасы және атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің аномалиялары

Бюллетень мемлекеттік органдарды, салалық ұйымдарды, ғылыми қауымдастықты және басқа да мүдделі пайдаланушыларды Қазақстан аумағындағы қазіргі климаттық жағдайлар туралы жедел ақпараттандыруға арналған.

ӨЗЕКТІ АҚПАРАТ

• 2026 жылғы қазанда ауаның температурасы орташа айлық көрсеткіші **климаттық нормадан 0,61 °С-қа жоғары болды.**

• Жауын-шашын мөлшері климаттық нормадан төмен болды — **5,05 мм құрады.**



1-сурет – 1941–2026 жж. кезеңде Қазақстан аумағы бойынша қазан айының орташа ауа температурасы (а) (ºС) пен атмосфералық жауын-шашын мөлшері (б) (%) аномалияларының уақыттық қатарлары. Аномалиялар 1991–2020 жж. базалық кезеңге қатысты есептелді

АУА ТЕМПЕРАТУРАСЫ


Қазан айындағы ауа температурасы аномалияларының көпжылдық қатары қарастырылған кезең ішінде температуралық аномалиялардың теріс және оң мәндері бар жылдар кезектесіп орын алғанын көрсетті (1а-сурет). 2026 жылғы қазанда орташа айлық ауа температурасы климаттық нормадан 0,61 °С-қа асып, көпжылдық бақылау қатарында 12-ші орынға сәйкес келді. Қарастырылған кезеңдегі орташа айлық ауа температурасының климаттық нормадан ең үлкен оң аномалиясы 1997 жылдың қазанында тіркелді.

Қазан айында Қазақстан аумағының басым бөлігінде орташа айлық ауа температурасының оң және теріс аномалиялары қатар байқалды (2-сурет).

1,5–3,9 °С аралығындағы ауа температурасының оң аномалиялары елдің батыс өңірлерінде, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарының солтүстік бөлігінде, сондай-ақ Павлодар, Қызылорда және Түркістан облыстарының кейбір аймақтарында байқалды (2-сурет). Бұл ретте Батыс Қазақстан, Ақтөбе және Атырау облыстарының аумағында орналасқан 28 метеостанция «экстремалды жылы» градациясына енді, 95%-дық экстремумдар тіркелді. Ең айқын оң температуралық аномалиялар Атырау облысының Жаңа Үштоған (3,9 °С) және Маңғыстау облысының Форт-Шевченко (3,6 °С) метеостанцияларында бақыланды.

0,4–2,3 °С аралығындағы теріс температуралық аномалиялар негізінен Қазақстанның шығыс және оңтүстік-шығыс өңірлерінде, сондай-ақ орталық пен оңтүстік бөліктерінің кейбір аймақтарында байқалды. Ауа температурасының ең елеулі теріс аномалиясы (−2,3 °С) Жетісу облысындағы Сарқан МС тіркелді.

2026 жылдың қазанында сегіз метеостанцияда бақылаудың бүкіл кезеңі бойынша орташа айлық ауа температурасының жаңа абсолюттік максимумдары тіркелді (1-кесте).



2 – сурет. 1991–2020 жылдардағы кезеңге қатысты есептелген 2026 жылғы қазанның орташа айлық ауа температурасы (°С) аномалияларының кеңістіктік таралуы және 1941–2026 жылдардағы кезеңге сәйкес есептелген ауа температурасының аспау ықтималдығының кеңістіктік таралуы

1 кесте. 2026 жылғы қазан айындағы ауа температурасының орташа айлық рекордтық мәндері

№	Метеостанция	Облыс	Орташа айлық ауа температурасының жаңа максимумы, °C	Орташа айлық ауа температурасының алдыңғы рекордтары, °C
1	Ақтау	Маңғыстау	16,3	16,1 (2012 ж.)
2	Форт-Шевченко		17,5	16,8 (1974 ж.)
3	Махамбет	Атырау	12,3	12,0 (1974 ж.)
4	Жаңа Үштоған		13,2	12,2 (1974 ж.)
5	Атырау		13,6	12,9 (1997 ж.)
6	Ганюшкино		12,9	12,5 (1974 ж.)
7	Жәнібек	Батыс Қазақстан	11,5	11,4 (1974 ж.)
8	Орда		12,7	12,1 (1974 ж.)


АТМОСФЕРАЛЫҚ ЖАУЫН-ШАШЫН

Қазан айындағы атмосфералық жауын-шашын мөлшері аномалияларының көпжылдық қатары қарастырылған кезең ішінде жауын-шашын мөлшерінің жылдар арасында айтарлықтай әртүрлі таралғанын көрсетті. Бұл ретте қарастырылған кезеңде жауын-шашын мөлшерінің көбейуі немесе азаюының айқын тұрақты тенденциясы байқалмады. 2026 жылдың қазанында жауын-шашын мөлшері климаттық нормадан 5,05 мм-ге төмен болды, сәйкесінше 1941–2026 жж. бақылау қатарында 67-ші орынға жайғасты (1б- сурет).

2026 жылдың қазанында Қазақстан аумағының басым бөлігінде атмосфералық жауын-шашын тапшылығы байқалды (3- сурет). Жауын- шашын мөлшерінің нормадан 30%- дан астамы ел аумағының батыс және солтүстік-батыс өңірлерінің басым бөлігінде, сондай-ақ орталық және оңтүстік бөліктердің кей аймақтарында бақыланды. Жауын- шашын мөлшері елеулі тапшылығы Қазақстанның батыс бөлігінің жекелеген аудандарында, сондай-ақ Қостанай облысының оңтүстігінде, Ұлытау облысының орталығында және Жетісу облысының солтүстік-шығысында орналасқан 22 метеостанция деректері бойынша «экстремалды құрғақ» градациясына сәйкес келді (5 %-дық экстремум). Бұл ретте Батыс Қазақстан, Атырау, Ақтөбе және Жетісу облыстарында орналасқан жеті МС қазан айы бойы атмосфералық мүлдем жауын-шашын түспеді.

Жауын-шашын мөлшерінің нормадан 120%-дан астамы Павлодар, Шығыс Қазақстан және Абай облыстарының солтүстік бөлігінде, сондай-ақ Ақмола, Қарағанды, Түркістан және Жамбыл облыстарының жекелеген аудандарында және Жетісу облысының кейбір өңірлерінде байқалды.

Жауын-шашыннің шамадан тыс мөлшері Абай облысында орналасқан Семей МС тіркелді — 51 мм, нормадан 227 %- құрады.



3-сурет. 2026 жылғы қазандағы атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің (1991–2020 жж. кезеңге есептелген норма % бойынша) және атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің аспау ықтималдығының кеңістіктік таралуы (1941–2026 жж. кезеңі)

«Қазгидромет» РМК Ғылыми-зерттеу орталығының Климатты зерттеу басқармасымен дайындалды (Астана қ.)
Орындаушылар:
С. Сагиев – жетекші ғылыми қызметкер
Н. Абдолла – жетекші инженер